



НАУЧНЫЙ БЛОКНОТ – SCIENTIFIC NOTEBOOK – ҒЫЛЫМИ ДӘПТЕР

The **journal «JETE»** is oriented to the publication of materials on the most topical problems and requests of the scientific community in the field of philosophy, religious studies and cultural studies; on a wide range of intellectual traditions, theoretical and applied approaches aimed at presenting and disseminating the results of the latest research in the field of socio-humanitarian studies.

By opening a new rubric **«Scientific Notebook»** we position the journal's openness to new conditions of knowledge production. This rubric will present scientific notes in the form of essays, reviews of scientific events, new books, expert interviews, translations into Kazakh of original texts.

Журнал «JETE» ориентирован на публикацию материалов о наиболее актуальных проблемах и запросах научного сообщества в области философии, религиоведения и культурологии; на широкий спектр интеллектуальных традиций, теоретических и прикладных подходов, направленных на представление и распространение результатов новейших исследований в области социально-гуманитарных исследований. Открывая новую рубрику **«Научный блокнот»** мы позиционируем открытость журнала к новым условиям производства знания. В этой рубрике будут представлены научные заметки в виде эссе, обзоров научных мероприятий, новых книг, экспертные интервью, переводы на казахский язык оригинальных текстов.

«JETE» журналы философия, дінтану және мәдениеттану салаларындағы ғылыми қауымдастықтың өзекті мәселелері мен сұраныстарын қамтитын материалдарды жариялауға бағытталған. Журнал әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер саласындағы заманауи зерттеу нәтижелерін ұсыну мен таратуға арналған кең ауқымды интеллектуалдық дәстүрлерді, теориялық және қолданбалы тәсілдерді қамтиды.

Жаңа **«Ғылыми дәптер»** айдарын аша отырып, біз журналдың білім өндірудің жаңа шарттарына ашықтығын көрсетеміз. Бұл айдарда эссе түріндегі ғылыми жазбалар, ғылыми іс-шаралар мен жаңа кітаптарға шолулар, сараптамалық сұхбаттар, сондай-ақ түпнұсқа мәтіндердің қазақ тіліне аудармалары жарияланатын болады.

Сұхбат / Interview
XF7AP / IRSTI 13.09



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-225-230>

Zhambyl Artykbaev: Zheti ata — the great patronymic system of the kazakhs

Serik Yergall^a✉, Zhambyl Artykbayev^b📧

^aInterviewer, PhD Candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

^bInterviewee, Doctor of Historical Sciences, Professor, Ethnologist, Academician of the Academy of Social Sciences of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

✉erserik@gmail.com

Abstract. This in-depth academic interview was conducted within the framework of the project "The Zheti Ata System as a Socio-Kinship Institution in Kazakh Society", which is part of the dissertation research "The 'Zheti Ata' in Kazakh Culture: An Anthropological Analysis".

The interview explores the ethnographic, social, cultural, and biological aspects of the concept of Zheti Ata and examines it as the core of the patronymic system in nomadic Kazakh society. Although presented in a dialogical style, the interview follows a scholarly structure and content typical of academic texts.

The discussion investigates the historical foundations and development of the Zheti Ata kinship principle in Kazakh tradition, the key factors that shaped it, and its role in the social environment based on a nomadic lifestyle. The interview also analyzes the socio-cultural and functional structures of the Zheti Ata principle.

Keywords: Zheti Ata; patronymic; kinship; batalastyk; ritual blessing; shezhire genealogy; nomadic society; ethno-social structure

For citation:

Yergali S., Artykbaev Zh. Zhambyl Artykbaev: Zheti ata — the great patronymic system of the kazakhs // Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 225-230. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-225-230>

Сілтеме жасау үшін:

Ерғали С., Артықбаев Ж. Жамбыл Артықбаев: Жеті ата – қазақтың үлкен патронимиясы // Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies. – 2025. – Vol. 151. – No. 2. – P. 225-230. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-151-2-225-230>

**Жамбыл Артықбаев: Жеті ата – қазақтың үлкен патронимиясы
Серік Ерғали^а, Жамбыл Артықбаев^б**

^аСұхбат алушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты,
Астана, Қазақстан

^бСұхбат беруші, тарих ғылымдарының докторы, профессор, этнолог, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Астана, Қазақстан

**Жамбыл Артыкбаев: Жеті ата — великая патронимия казахов
Серик Ергали^а, Жамбыл Артыкбаев^б**

^аИнтервьюер, PhD-докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан

^бРеспондент, доктор исторических наук, профессор, этнолог, академик Академии социальных наук РК, Астана, Казахстан

Аңдатпа. Бұл тереңдетілген ғылыми сұхбат «Қазақ мәдениетіндегі «Жеті ата»: антропологиялық талдау» атты диссертациялық жұмыс ауқымында атқарылған «Жеті ата жүйесі – қазақ қоғамындағы әлеуметтік-туыстық институт» атты жоба аясында алынды.

Сұхбатта жеті ата ұғымының этнографиялық, әлеуметтік, мәдени және биологиялық қырлары сараланып, көшпелі қазақ қоғамындағы

Аннотация. Настоящее углублённое научное интервью проведено в рамках проекта «Система Жеті ата как социально-родственный институт в казахском обществе», реализуемого в ходе подготовки диссертационного исследования «Жеті ата» (Семь колен) в казахской культуре: антропологический анализ».

В интервью всесторонне рассматриваются этнографические, социальные, культурные и биологические аспекты понятия «Жеті ата»

патронимиялық жүйенің өзегі ретінде қарастырылады. Сұхбат академиялық форматта құрылып, диалог стилінде жүргізілгенімен, ғылыми мәтінге тән құрылым мен мазмұнға негізделген.

Сұхбат мазмұнында қазақ халқының «Жеті ата» туыстық қағидасының тарихи негіздері мен қалыптасуы және бұл қағиданы қалыптастырған негізгі факторлар және оның көшпелі өмір салтына негізделген әлеуметтік ортадағы рөлі зерделенді. «Жеті ата» қағидасының әлеуметтік-мәдени функционалдық құрылымдары қарастырылды.

Түйін сөздер: Жеті ата; патронимия; аталастық; баталастық; шежіре; көшпелі қоғам; этноәлеуметтік құрылым

как ядра патронимической системы в кочевом казахском обществе. Интервью структурировано в академическом формате и выдержано в диалоговом стиле, сохраняя научную логичность и содержательность.

В содержании интервью анализируются исторические основания и становление родовой концепции «Жеті ата» в казахской традиции, факторы, повлиявшие на ее формирование, а также роль данного принципа в социальном устройстве кочевого образа жизни. Рассмотрены социально-культурные и функциональные аспекты системы «Жеті ата».

Ключевые слова: Жеті ата; патронимия; родство; баталастық; шежіре; кочевое общество; этносоциальная структура

Кіріспе

Бүгінгі ұғымда кең таралған «жеті ата» тіркесі бар болғаны жеті буындық әкелердің тізбесі түрінде ұғылып жүр. Шын мәнінде солай ма? Бұны генетикалық тазалық қағидасы деп те шектеу дұрыс па? Ал «жеті ата» мәдени институт болатын болса, оның сипаты қандай болғаны? Аталмыш сұхбатта осы сауалдарға берілетін жауап қарастырылды.

Қазақ халқының дәстүрлі қоғамындағы туыстық қатынастар жүйесі – ұлттың ішкі бірлігін, әлеуметтік ұйымдасуын және мәдени болмысын сипаттайтын негізгі құрылымдардың бірі. Соның ішінде «жеті ата» қағидасы – ата-баба шежіресіне негізделген этноәлеуметтік механизм. Бұл сұхбатта жеті атаның функционалдық рөлі, оның тарихи-мәдени мәні, институционалдық ерекшелігі және бүгінгі қоғамдағы трансформациясы тезистік тұрғыда талданды.

Негізгі бөлім

Жеті ата – үлкен патронимия

С. Ерғали: Жамбыл Омарұлы, «жеті ата» ұғымының тарихи-мәдени негізі қайдан бастау алады?

Ж. Артықбаев: «Жеті» – түркі халықтарының сакрал танымындағы қасиетті сан (Сейдімбек, 2023). Ол көне дүниетанымда аспан мен жердің, әлемнің құрылымдық моделін білдіреді. Қазақ мәдениетінде бұл сан әртүрлі наным-сенімдер мен ғұрыптарда жиі қолданылады. Ал «жеті ата» ұғымы сол мифологиялық негізден туындаған, бір атадан тараған ұрпақтардың қандастық шеңберін анықтайтын құрылым. Бұл – қазақ қоғамындағы ірі патронимикалық жүйе (Арғынбаев, 1973; Қойгелдиев, 2005).

С. Ерғали: Жеті ата шегінен шыққан жағдайда туыстық қатынастар қалай реттеледі?

Ж. Артықбаев: Мұндай жағдайда «баталас туыстық» деген түсінік пайда болады. Бұл – қандас емес, бірақ әлеуметтік келісім арқылы бекітілетін рухани туыстық. Баталасу арқылы қалыптасқан бұл қатынас қазақ қоғамының икемділігі мен моральдық шегарасын кеңейтуге мүмкіндік берген (Салғараұлы, 2007).

Шежіре – туыстық қана емес, идеологиялық құрал



С. Ерғали: Шежіре қазақ қоғамында қандай әлеуметтік маңызға ие болды?

Ж. Артықбаев: Шежіре тек туыстық тізбек емес, сонымен қатар идеологиялық құрал. Дала мемлекеттері – Шыңғыс ханнан бастап Қазақхандығына дейін – өз билігін шежірелік жүйе арқылы бекіткен. Бұл құрылым ұжымдық тарихи жадыны қалыптастырып, мемлекеттілікті легитимдеудің бір құралына айналған (Левшин, 1832; Сейдімбек, 2023).

Жеті ата – этноәлеуметтік иерархия буыны

С. Ерғали: Жеті атаның қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымға қандай үлесі болды?

Ж. Артықбаев: Жеті ата – отбасы мен ру аралығындағы аралық буын. Бұл – этно-әлеуметтік иерархияның маңызды звеносы. Жеті ата арқылы отбасылық тәрбие, ұрпақ сабақтастығы, туыстық бірлік бекітіліп отырған (Сейдімбек, 2023; Қойгелдиев, 2005).

Көшпелі қоғамға тән институт

С. Ерғали: Бұл жүйе тек көшпелі қоғамдарға тән бе?

Ж. Артықбаев: Иә, бұл жүйе көшпелі өмір салтына тән. Себебі, көшпелі қауым үшін туыстық байланыс тұрақты географиялық орнықтылықтан маңызды болған. Отырықшы халықтарда мұндай жүйе әлсіреп, көп жағдайда жойылып кеткен. Бұл жұрттарда жеті ата түгілі, үш ата да сақтала қоймайды. (Кисляков, 1960; Әбусейітова, 1988; Букейханов, 2006).

Генеалогия, генетика және әлеуметтік реттеу

С. Ерғали: Бұл жүйенің генетикалық немесе биологиялық қыры бар ма?

Ж. Артықбаев: Әрине. Қазақ қоғамында «қалыңдықты алыстан алу» дәстүрі генетикалық әртүрлілікті сақтау мақсатында қалыптасқан. Бұл – қандас некеден туындайтын аурулардың алдын алуға бағытталған әлеуметтік механизм. Генетика ғылымы бұл жүйенің биологиялық қырының маңызына зер сала бастады (Арғынбаев, 1973).

Ішкі құрылымдар: абысын, ақсақал, туыстық

С. Ерғали: Жеті ата қауымының ішкі құрылымы қандай әлеуметтік рөл атқарған?

Ж. Артықбаев: Бұл қауымдастықтың ішінде ақсақалдар кеңесі, абысындар қауымы сияқты құрылымдар болады. Олар тәрбие, дәстүр сақтау, туыстық қауым ішіндегі тәртіпке қатысты міндеттерді атқарған. Әйелдер тобы да – әлеуметтік бірліктің маңызды элементі (Салғараұлы, 2007).

Бүгінгі күндегі өзектілігі мен трансформациясы

С. Ерғали: Қазіргі қоғамда бұл қағиданың мәні бар ма?

Ж. Артықбаев: Иә. Қазіргі заманда жеті ата институционал түрде толыққанды өмір сүріп жатқан жоқ. Бірақ оның рухани-символикалық мәні ерекше. Жеті ата – тарихи жад пен ұлттың бірегейлігінің көрінісі (Сейдімбек, 2023).

С. Ерғали: Бүгінде жеті атаны қайта жаңғырту қалай іске аса алады?

Ж. Артықбаев: Қазіргі таңда рулық мақтаныштан гөрі, жеті атаны білу – азаматтық жауапкершілік пен таным деңгейінің көрсеткіші. Сондықтан соңғы кездері төршежіре жасап іліп қою үрдіске айналууда. Бұл да аталмыш институтқа деген әлдебір сұраныстың туындай бастаған көрінісі болса керек.

Қорытынды

Жеті ата қағидасы – қазақ халқының дәстүрлі қоғамындағы әлеуметтік ұйымдасудың негізі. Ол тек қана туыстық патронимиялық құрылым емес, сонымен қатар тарихи жадыны сақтайтын, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыратын, мәдени тұтастықты бекітетін этноәлеуметтік институт. Қазіргі қоғамда бұл ұғымның толыққанды қызмет етуі мүмкін болмаса да, оның идеялық, рухани мәнін сақтау – ұлттық тұрақтылық пен мәдени болмыстың жалғастығы үшін маңызды.

Сұхбат 2025 жылы 07.02.25 күні Астана қаласында жазылып алынды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

Букейханов А.Н. Киргизы // Казахи: историко-этнографические труды (Библиотека казахской этнографии, том 14). - Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2006. — 304 с.

Сейдімбек, А. Қазақтың ауызша тарихы: зерттеу. – Астана: Фолиант, 2023. – 728 б.

Салғараұлы, Қ. Шежіре және қоғам: Қазақтың рулық-тайпалық жүйесі. – Алматы: Атамұра, 2007. – 450 б.

Қойгелдиев, М.Қ. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның генеалогиялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 275 б.

Арғынбаев, Х. Казахская семья и брак. – Алматы: Наука, 1973.

Кисляков, Н.А. Семейно-родовая организация казахов в XIX–XX вв. – Москва: Наука, 1960.

Әбусейітова, М. Социальная структура и этническая история казахов. – Алматы: Наука, 1988. – 310 б.

Левшин, А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. – СПб., 1832. – 352 б.

Авторлар туралы мәлімет / Information about authors / Сведения об авторах

Серік Ерғали – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты, Astana, Kazakhstan, erserik@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-3528-8831>

Serik Yergali – PhD Candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, erserik@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-3528-8831>

Серик Ерғали – PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан, erserik@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-3528-8831>

Жамбыл Артықбаев – тарих ғылымдарының докторы, профессор, этнолог, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, Астана, Қазақстан, socantropology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3621-4820>

Zhambyl Artykbayev – Doctor of Historical Sciences, Professor, Ethnologist, Academician of the Academy of Social Sciences of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, socantropology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3621-4820>

Жамбыл Артықбаев – доктор исторических наук, профессор, этнолог, академик Академии социальных наук РК, Астана, Казахстан, socantropology@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3621-4820>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 31.05.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2025